

**Инклюзивті білім беру барысында кездесетін келеңсіз мәселелерді шешу жолдары**

Муқанов Бек Шыңгазинович  
Өскемен қаласы әкімдігінің "№27 орта мектебі" КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Инклюзивті оқыту дегеніміз - даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қалыпты балалармен бірге білім беру, олардың білім алу құқықтарына шектеу жасамау, олардың конституциялық, азаматтық заңдарын бұзбау болғандықтан, мұғалімдердің өз жұмысына өте үлкен жауапкершілікпен қарауын талап етеді. Бұл орайда ұстаздар қауымымен қосымша курстар өтетінін, өз білімдері мен біліктіліктерін көтеруін қамтамасыз етілуі сөзсіз. Менің ойымша, қазіргі жағдайда, біз, тек мектеп қабырғасында, сабақ барысында кездесетін инклюзивтік жағдаяттар туралы айтып отырғандықтан, бұл жерде мүгедек балалар туралы сөз айтылмайды. Ал егерде, жоғарыда айтылған, «үлгерімі нашар» оқушылармен жұмыс дұрыс жолға қойылмаса, біз қолдан «мүгедек» жандарды туғызған боламыз. Сол себепті, сабақ барысында:

- әр оқушының ұтымды еңбек етуін қамтамасыз ете отырып, олардың сұраныстарымен санасу керек, оларға қосымша уақыт бере отырып, ойын топшылауға, басқалармен бөлісуге көмектесуіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда: Тақтаға жақын отырғызу, керек жерде мәліметтерді дауыстап айту, әр тапсырманы тиянақты түсіндіру және жасалу жолдарын көрсету, көмек бере отырып, нәтижені айқындау, көрнекі құралдарды ашық және тартымды ұсыну жұмыстары басым болғаны абзал.

Оқыту қазақ тілді емес мектептерде «Қазақ тілі» пәнін мемлекеттік тілде меңгерту өзге ұлт балаларының халқымыздың мәдениеті мен тарихына қызығушылығын арттырып, әлеуметтік-экономикалық фактілер мен құбылыстарды қазақ тілінде танып білуге, талдап-қорыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Барлық деңгейде оқу процесінде көп тілді білім беру заманауи білім берудің айрықша белгісі болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттік тілде ел тарихын оқытуға деген әлеуметтік қажеттілік туындайды. Мәдениетаралық ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, тіл мен пәнді кіріктіріп оқытқанда, сабақ барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға жетекші қызметтерін ұсыну, өзіне сенім арту арқылы жауапкершілігін молайту, барлық айтылған ойлардан ұтымды шешім қабылдай білу сияқты қасиеттерді бойына сіңіре отырып, олардың белсенділігін арттырамыз.

Тағы бір басты фактордың бірі- өз тәжірибеде мектепте «қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту кезінде эвфемизм мен дисфемизм сөздерді дұрыс қолдана білу. Мұғалімнің мәдениеттілігі мен сөйлеу мәнері және осы қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіру қабілеті жоғары болуы керек. Ол дегеніміз: Соқыр - зағип, жанары солған, нашар көретін, Ақсақ - аяғын сылтып басатын, Саңырау, керең - құлағының мүкісі бар, есту қабілеті нашар, Мылжың - сөзуар, Ұры - қолының жымысқысы бар, Өсекші - аузы жеңіл, Өтірікші - қосып айтады, Топас - ісі шала деген эвфемизм мен дисфемизм сөздерді сабақта да, күнделікті қарым- қатынаста да орынды қолдана білу. Жаны жаралы немесе ұялшақ, момын жанды ренжіту - оларды білімге деген талпынысы мен жігерінен айыру, оларды білім нәрінен алыстату екенін естен шығармау керек. Олардың арнамысына тиіп кетпеуін бақылауда ұстай білу, әр мұғалімнің борышы деп білемін. Бір сөзбен ақ сіз өз сабағыңызда қолданған барлық интерактивті әдіс-тәсілдерді сызып тастайсыз, оларды жоққа шығарасыз, -деп ойлаймын. Негізі, тұрпайы сөздің мәдениетсіздікке әкелетінін және оларды қолдану оқушылар ғана емес, жалпы адамдар арасында даудамай, қақтығыс, ұрыс-керіс туғызатынын балаларға түсіндіре, санасына жеткізе отырып, мәдениетті сөйлеуге үйрету, тұрпайы сөздерді мәдени сөздермен алмастыру, күнделікті сөйлеу нормасына енуін қадағалау мұғалімдер мен ата аналардың басты міндеті деп түсінемін

Ұстаздар жаңа қоғам мүшелерін тәрбиелесе, ұстаздарды қоғам тәрбиелейді. Ғұлама, ойшыл әл-Фараби айтқандай, бізге біреу енкейіп сәлем берсе, сен одан да төмен енкейіп сәлем бер, өзіңнің білімділігіңді, мәдениеттілігіңді сонымен дәлелде, өз шәкірттеріңе үлгі бола біл дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы ҚР Заңы // 2002. - №343.
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 3.ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Инклюзивті оқыту» әдістемелік ұсынымдары. - Астана, 2015.
- 4.Әдеби терминдер сөздігі.